



Sultangazin University

ÓMIRZAQ SULTANĠAZIN ATYNDAĠY
QOSTANAI MEMLEKETTİK PEDAGOGİKALYQ ÝNİVERSİTETİ
QOSTANAI OBLYSY ÁKİMDİGİNİŇ BİLİM BASQARMASY
QOSTANAI q. «PEDAGOGİKALYQ SHEBERLİK ORTALYĠY» FİLİALY



ÓMIRZAQ SULTANĠAZIN ATYNDAĠY
QOSTANAI MEMLEKETTİK PEDAGOGİKALYQ ÝNİVERSİTETİNİŇ
80 JYLDYĠYNA ARNALĠAN ALTYN SARIN OQÝLARY
**«Bilim berý praktikasy sapasyn
joġarylatýdyň ózekti máseleleri»**
atty halyqaralyq ġylymı-praktikalyq konferensiasynyň

MATERIALDARY

I KİTAP



I КНИГА

МАТЕРИАЛЫ

МЕЖДУНАРОДНОЙ НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ КОНФЕРЕНЦИИ
АЛТЫНСАРИНСКИЕ ЧТЕНИЯ К 80 ЛЕТИЮ
КОСТАНАЙСКОГО ГОСУДАРСТВЕННОГО ПЕДАГОГИЧЕСКОГО УНИВЕРСИТЕТА
ИМЕНИ УМИРЗАКА СУЛТАНГАЗИНА

**«Актуальные проблемы повышения
качества образовательной практики»**

Qostanai q., 2019 j.
г.Костанай 2019 г.

ӘОЖ 37.0 (063)

КБЖ 74.00

Б 94

**РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ
РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ**

- **Әбіл Еркін Аманжолұлы**, Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің ректоры, тарих ғылымдарының докторы, профессор;
- **Медетов Нурлан Амирович**, Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің ғылыми жұмыс және стратегиялық даму жөніндегі проректоры, физика-математикалық ғылымдар докторы;
- **Мусабекова Гульвира Айдархановна**, Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің академиялық жұмыс және әлеуметтік мәселелер жөніндегі проректор, педагогика ғылымдарының кандидаты;
- **Ахметов Тлеген Альмуханович**, Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университеті ректорының кеңесшісі, педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор;
- **Бережнова Елена Викторовна**, педагогика ғылымдарының докторы, Мәскеу мемлекеттік халық аралық қатынастар институтының профессоры (Ресей, Москва қ.);
- **Бектурганова Римма Чингисовна**, Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университеті ректорының кеңесшісі, педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор;
- **Оспанов Серикбай**, филология ғылымдарының кандидаты, Ы.Алтынсарин орталығының маманы;
- **Айнализева Назгуль Аманжоловна**, Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің психологиялық-педагогикалық факультетінің деканы, педагогика ғылымдарының кандидаты;
- **Утегенова Бибигуль Мазановна**, Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің педагогика кафедрасының меңгерушісі, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент;
- **Мнайдарова Светлана Сейтжановна** Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің педагогика кафедрасының аға оқытушысы, педагогика ғылымдарының кандидаты;
- **Калиев Дастан Дуйсенұлы** Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің педагогика кафедрасының аға оқытушысы, педагогика ғылымдарының магистры.

Б 94 БІЛІМ БЕРУ ПРАКТИКАСЫ САПАСЫН ЖОҒАРЫЛАТУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ =АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ ПОВЫШЕНИЯ КАЧЕСТВА ОБРАЗОВАТЕЛЬНОЙ ПРАКТИКИ. – Қостанай, 2019. - 395 б.

ISBN 978-601-7934-67-5

«Білім беру практикасының сапасын жоғарылатудың өзекті мәселелері» тақырыбындағы Алтынсарин оқуларының Халықаралық ғылыми - практикалық конференция материалдары осы жинаққа енгізілген.

Мақала авторлары: жоғары оқу орындары және колледж оқытушылары, мектеп мұғалімдері мен ғылыми-ізденушілер білім беру үрдісінің сапасын жоғарылату және білім беруді жаңғырту мәселелері бойынша халықаралық кәсіби қауымдастықтың өзекті мәселелерін талқылауға алған.

Аталған жинақ жоғары оқу орындары және колледж оқытушылары, мектеп мұғалімдері мен ғылыми-ізденушілерге арналаған.

В сборник включены материалы Международной научно-практической конференции Алтынсаринские чтения «Актуальные проблемы повышения качества образовательной практики».

Авторы статей: преподаватели вузов и колледжей, учителя школ и научные сотрудники обсудили актуальные проблемы повышения качества образовательного процесса, модернизации образования.

Настоящий сборник предназначен для преподавателей вузов и колледжей, учителей школ, научных сотрудников.

ӘОЖ 37.0 (063)

КБЖ 74.00

ISBN 978-601-7934-67-5

©Ө.Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университеті, 2019

©Костанайский государственный педагогический университет имени У.Султангазина, 2019

Федорович Баллюзекке жазған хатында дербес қызмет беруді өтінеді. Алайда, Яковлевтің өтінішін патшалық Ресейдің заң министрі аяқсыз қалдырады, лауазымды дербес қызмет те берілмейді. Тек 1879 жылдың 22 тамызында ғана Торғай облысы бойынша орыс-қазақ училищелерінің инспекторы қызметін атқарушы етіп тағайындайды, Ыбырай бұл қызметке тоғыз жылдан кейін, яғни 1888 жылдың 28 қазанында ресми түрде бекітіледі.

Я.П.Яковлев Торғайда жерленген. Басына 1905 жылы қойылған құлпытаста: «Мұнда Орынбор бекінісінің бастығы полковник Яковлевтің денесі жатыр. 1890 жылы 76 жасында қайтты» деп жазылған. Қасындағы екінші құлпытаста «Бұл жерде Орынбор бекінісінің бастығы подполковник Яковлевтің анасы Надежданың денесі жатыр. 1868 жылы 113 жасында қайтыс болған» делінген.

Әдебиеттер тізімі:

1. Қазақ совет энциклопедиясы II т. 109 б.
2. Балғынбаев Ғ. Ы.Алтынсарин туралы естелік. Ы.Алтынсарин тағылымы, 365 б.
3. Ы.Алтынсариннің таңдамалы педагогикалық мұралары. Ы.Алтынсарин атындағы ғылыми-зерттеу институты: Құраст. С.Қалиев ж.б. –Алматы: Рауан, 1991. -37-38 б.б.

ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТЫҢ НЕГІЗІ -РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ КЕПІЛІ

Нұрмұхаметова Қарлығаш Тұрғанбекқызы
филология ғылымдарының кандидаты,
ҚМПУ шетел тілі кафедрасының
қауымдастырылған профессоры,
ҚР білім беру ісінің құрметті қызметкері

Аннотация

Мақалада рухани жаңғыру деген- санаға серпіліс жасау мен заман талабына сай өзгерістерге, заман көшіне ілесу екендігі айтылады. Ұлттық бірегейліктің негізі-атадан балаға жалғасып келе жатқан ұлттық құндылықтарымыз туралы тұжымдалады.

Аннотация

В статье говорится о том, что «Рухани жаңғыру» - это прорыв в сознании и отражение современных явлений. Основа национальной уникальности заключается в проблеме национальных ценностей, которые передаются от поколения к поколению.

Abstract

The article says about «Rukhani zhangyru» which is the break of thinking and doing of the modern situations. The base of national unique consists of the problems of national values that are handed from generation to next generation.

Өзектілігі: Әр елдің өзгеге ұқсамайтын тек өзіне ғана тән әдет-ғұрпы, салт-дәстүрі, бітім- болмысы болады. Салт-дәстүр дегеніміз түптеп келгенде, ұлттық болмысты басқалардан алабөтен айрықшалап, даралап тұратын ішкі бір рухани айна іспетті. Оларды халықтың келбеті, тәрбиелік ережесі немесе «ұлттық код» деп атайды.

Мақсаты: Жалпы ұлттық кодқа тіреу болатын берік діңі болуы қажет. Ол әрине - тіл, дін. Осыдан келіп діл шығады. Онсыз халық болмайды. Кешегісіз бүгін де, ертең де тұл. Осы ретте айта кетсек, қазақ халқының да өзіне тән мінез – құлқы, әдебі, ұлттық қадір – қасиеті бар. Осылардың әрқайсысына талдау жасап, дәйектеу, түсіндіру.

Түйін сөздер: ұлттық құндылық, бітім- болмысы, тәлім, тәрбие, салт-дәстүр, ұлттық сана-сезім, адамгершілік, жаңа заман, білім.

Ключевые слова : национальные ценности, сущность, воспитание, обычаи и традиции, национальный менталитет, человечность, новое поколение, образование

Keywords: national values, essence, upbringing, customs and traditions, national mentality, humanity, new generation, education.

Кішкентайымыздан қай-қайсымызды болмасын ата-анамыз «ұят болады», обал болады», жаман боладыны» көп айтып солай тәлім берген. Дұрыс пен бұрысты сол сәттен-ақ ажыратып үйреткен. Ол біздің мінез-құлқымызды қалыптастырған негізгі сатылардың бірі десек артық болмас.

Жастайынан баланың өз еліне, жеріне деген махаббаты ана тілінен басталады. Ал одан ары оны күшейту, қазақы тегімізді, ділімізді бойына сіндірту алдымен отбасының одан кейін тәрбие ордаларының қала берді, қоғамның еншісінде болмақ. Дәл осы мәселені Елбасымыз «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында: «Іс жүзінде әрбір өңір мен әрбір мемлекет өзінің дербес даму үлгісін қалыптастыруы қажет», деп айтып өтті. Демек, Н. Назарбаевтың ескеріп отырғаны- еліміздің ерекшелігін, халқымыздың ділін, салт-дәстүрін, әдет-ғұрыптарын, рухани және материалдық құндылықтарын сақтай отырып, жаңа заманға жарасымды озық үлгілерін ары қарай дамыту, жалғастыру, рухани жаңғырту. Жаһандану заманында, сәт сайын өзгеріп отырған құбылмалы кезеңде халықтың тағылымы мол тарихы мен атам заманнан арқауы үзілмей келе жатқан ұлттық салт-дәстүрлерінің алдағы өркендеудің де берік діңі ретінде қызмет жасауы үшін Елбасы жыл сайын озық ойлы бағдарламаларды жүзеге асырып келеді.

Ұлттық бірегейлікті сақтау рухани жаңғыру деген түсініктің өзі **ұлттық санадағы** өзгерістерді білдіреді Ұлттық сана-сезім көкжиектерін кеңейту – ол өз мәдениетінді жетілдіру, өзге мәдениеттің сындарлы элементтерін қабылдау және ой сүзгісінен өткізу, өзінді үдемелі даму жолында келе жатқан әлемдік қауымдастықтың бір бөлігі ретінде сезіну. Ұлттық санадағы өзгерістерді әйгілі тұлғалар арқылы зерделеу- қазақтың дәстүрлі таным-түсінігінде ертеден қалыптасқан үрдіс. Өйткені, қоғамның саяси-әлеуметтік, мәдени-рухани ахуалы жеке тұлғалар арқылы көрініс табады. Сондықтан да қазақтың ұлыларының философиялық пайымдауында қоғамды өзгертуден бұрын, алдымен адам санасын шыңдауға көп мән берген. Адамзат қоғамы тарихында - жеке адамның ақылы мен санасы, мінезі, адамгершілігі жағынан өсіп- жетіліп, толық адам болып қалыптасуы – күрделі мәселенің бірі. Гуманист атаулының бәрі дүниедегі ең асыл, бағалы нәрсе - адам деп түсінетін болса, сол адамның бойында ең басты сипаттар неден тұрмақ дегенге әр дәуірдің ойшылдары – ұғым – наным мен заман талабына орай түрліше жауап беріп келеді. Осы ретте рухани жаңғыру, санаға серпіліс жасаудың озық үлгілерін ұлы Абайдан көреміз. Мәселен, «Қазақтағы дана Абай, дара Абай», адам санасын өзгертудің формуласы ретінде қара сөздерінде және «Адам бол!» қағидасын «Адам болам десеңіз...» өлеңімен дәйектейді.

Ғылым таппай мақтанба,
Орын таппай баптанба,
Құмарланып шаттанба,
Ойнап босқа күлуге,
Бес нәрседен қашық бол,
Бес нәрсеге асық бол,
Адам болам десеңіз –
Тілеуің, өмірің алдында,
Оған қайғы жесеңіз.
Өсек, өтірік, мақтаншақ,
Еріншек, бекер мал шашпақ -

Бес дұшпаның білсеңіз,-деп адамның жаман қасиеттерінің бәрін санап, атап көрсетіп, содан арылуға, жақсылықты өн бойына жинауға көп көңіл бөлген. Өсек, өтірік, мақтаншақ, еріншек, бекер малшашпақ сияқты, рулық тартыс, бітпейтін дау - жанжал

елдің сиқын бұзатынын, еш мақсатсыз бос жүрген халықты көріп қатты қынжылады. Осы ретте Елбасының айтқан «жаңғыру ұғымының өзі мейлінше көнерген, жаһандық әлеммен қабыспайтын кейбір дағдылар мен әдеттерден арылу дегенді білдіреді»-деген ойының Абай айтқан даналығымен үндесетінін байқаймыз.

Бұл тұста ерекше бір көңіл бөлерлік жай - Абай ғалым болу мен адам болу мәселесін бір-бірімен сабақтастыра айтады, бұл екеуінің тамыры, түбі бір деп санайды. Жас ұрпаққа өмір сүруді үйретіп, оның болашақ өсуі мен өзін - өзі тануы, даму жолдарын байқатар басты нәрсе ғылым деп көрсетеді. Саналы азамат болып, саналы өмір сүру үшін, ғылымды үйреніп, тәлімге тәнті болу керек екенін тұжырымдайды ғұлама.

Елбасының білімді, көзі ашық, көкірегі ояу болуға ұмтылу – біздің қанымызда бар қасиет екендігі, табысты болудың ең іргелі, басты факторы білім екені, себебі, құндылықтар жүйесінде білімді бәрінен биік қоятын ұлт қана табысқа жететіні, **білімнің салтанат құруы** қағидалары Абай мен Ыбырай ғұламалығының жалғасын тапқан өміршеңдігін танытады. Қостанай өңірі білім шамының алғаш жағылған жері, білім қазығының алғаш қағылған жері дейтін болсақ, білімнің салтанат құру идеясы Ыбырайдан басталғанын көреміз. «Дала қоңырауы» аталған ұлы ұстаздың «Өнер-білім бар жұрттар» өлеңінде өркениетке ерте қадам жасаған өзге жұрттың тастан сарай салдырғаны, айшылық алыс жерлерден жылдам хабар алдырғаны Қазақстандағы қазіргі заманағы технологиялар, коммуникация, ғылыми және білім беру үдерістеріндегі заманауи өзгерістер білімді ұрпақ тәрбиелеудегі ұлы ұстаз Ыбырайдың, Ахмет Байтұрсынұлы М. Әуезовше айтсақ «Ахаң ашқан қазақ мектебі, Ахаң түрлеген ана тілі, Ахаң салған әдебиеттегі елшілдік ұраны...», қан жылаған қазақ баласына істеген еңбегі, өнер- білім, саясат жолындағы қажымаған қайраты» ұлт көсемінің салып берген сара жолының жемісі деуге болады. Рухани жаңғыру-сананың жаңғыруы. Осы рухани жаңғыру- саясат майданының жұрт таныған көсемдерінің ұлы идеясы болған. Ж.Аймауытовтың әйгілі «Оян, қазақ» ұраны, А. Байтұрсынұлының қалың ұйқыдағы жатқан халыққа сары «Маса» болып, ызындап, жар салуы талай алаш арыстарының қоғамдық өркендеудің өтпелі кезеңдерінде санаға серпіліс жасауының айқын дәлелі бола алады. Жаңа бір өрге ұмтылар дәуірде өткен-кеткенімізге ой жіберіп, ұлттық парасат пен пәтуәлі перзенттік тәлім-тәрбиені ұлықтандыра түсіп озалғы (прогрессивті) үрдістерді дамыта отырып, қазіргі таңда жеке адам ғана емес, тұтас халықтың өзі **бәсекелік қабілетін** арттырса ғана табысқа жетуге мүмкіндік алады. Шынында да Бәсекелік қабілет, Прагматизм, Ұлттық бірегейлікті сақтау дегендер ұлттық отансүйгіштікпен, патриотизммен, ұлттық мемлекеттік санамен тығыз байланысты.

Қазіргі таңда білім саласында жүргізіліп жатқан реформаның басты мақсаты - ой өрісі жаңашыл, шығармашылық деңгейде қызмет атқара алатын, дүниетанымы жоғары, нарықтық экономикада бәсекеге қабілетті, жан - жақты қалыптасқан жеке тұлға тәрбиелеу. Бұл мақсатқа жетудің жолдарын шешуде білім беру ісімен бірге ұлттық тәрбиені ұштастыра отырып, азаматтық – патриоттық тәрбие; рухани – адамгершілік тәрбиесі; салауатты өмір салтын қалыптастыру, ұлттың мәдениетін, өзінің ұлттық кодын, ұлттың ішкі «Мен» деген өзегін сақтау бойынша жүргізіледі. Елімізде білім берудің жаңа жүйесі жасалып, әлемдік білім беру парадигмасы енгізілді, білім берудің жаңа мазмұны пайда болды. Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практиканың жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыру және дамыту үшін қажетті жағдайлар жасау болып табылады. Негізгі өзгермейтін қағида-білім әлемдік деңгейде, тәрбие ұлттық болмыста болуы керек.

Жаңғыру – өзіңнің мәдениетіңді, атап айтқанда, дәстүрлерің мен әдеп-ғұрыптарыңды, тілің, әуенің, әдебиетіңді, яғни ұлттық рухани ерекшелікті құрайтын барлық нәрсені сақтаған кезде ғана мүмкін болады.

Мемлекет құрушы ұлт ретінде қазақ халқына дәстүрлі түрде мынадай рухани құндылықтар тән: 1. «Жеті ата», «Тегі» – немесе бабаларымызды ардақ тұту, 2. «Тіл» –

тіл мен мәдениет, 3. «Жер» – туған жер, 4. «Ел» – мемлекет-ұлт. Осы кодтық түсініктер, яғни адамның келбетін, адамгершілік қағидалары мен дәстүрлі мәдениетін, дүниетанымын, өткен аға буын пен келер ұрпақтың алдындағы жауапкершілігін, қоғам мен мемлекет алдындағы міндеттемелерін, туған жерге деген сүйіспеншілік пен батырлық, дәстүрлі қонақжайлылық пен әлемге ашықтық, қазақ қоғамының бір бөлігіне айналған және оның рухани құндылықтарын қабылдаған барлық ұлыстарға қатысты интернационализм мен толеранттылықты қалыптастыратын ген тәрізді қазақтың ұлттық мінезін қалыптастырады.

Қазақ халқы - қазынашыл халық. Барша елмен бауырлас, тарихы тамырлас, халқымыз кең пейілді. Бұл бізге жеткен ата - баба дәстүрі. Бейілі жақсыны қанатына алып, қуанышын бөліскен, қаймағы бұзылмаған ынтымағын дәріптеген. Халқымыздың бойында ғасырлар бойы қанына сіңген, осындай қасиетті өнегелері өріліп жатыр. Осы қасиеттерді дәріптеуіміз керек.

Қазақстанды мекендейтін жүз отызға тарта ұлт пен ұлыс қазақ жерінде татулықпен, түсіністікпен, бейбіт қатар өмір сүріп келеді. Сол ұлт өкілдеріне халқымыздың қасиеттілігін, ұлылығын ұлықтауға, салт – дәстүрін, тілін құрметтеуге, рухы күшті ұлтымыздың ерекшелігін танытуда ғасырлар бойы қалыптасқан халықтық педагогиканы насихаттаса ұтарымыз көп. Ұлттық тәрбие құр уағызбен сіңбейді. Әр сабақта оқытушы ғылыми материалды халқымыздың ұлттық танымына қарай жаңа технологиялар арқылы сіңіре отырып, сабақтың мазмұнына сай бай салт – дәстүрімізді, қазақ халқының ұлттық киімін, аспаптарын, ас мәзірін, философияға толы ою өрнектерін, ұлттық нақыштарын, сонымен қатар мақал – мәтел, жұмбақ, қара өлең үлгілерін де тиімді пайдаланса өзге ұлт өкілдері үшін қызықты да тәлімді болады.

Би, шешендердің парасаты, ақыл – өсиеттері, дауды шешулері, қай кезеңде болмасын қазақ батырларының елін қорғауға дайын болуы, бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарулары « Мен де осындай ер азамат болсам ғой» деп еліктетіндей еліктіре білуіміз тиіс. Болашақта олардың шетелдік жұлдыздарға еліктемей, отандастарының, оның нағыз хас батырларының қасиеттерін бойларына дарытуға себін тигізеді.

Қазақ халқының әрбір отбасы өз ұрпағын бесікке салғаннан бастап ұлттық тәлім – тәрбиеге сусындатып, бойына сіңіріп, ізгілікке тәрбиелеген және сол дәстүрді мықтап ұстауын талап еткен. Мәселен, атасы немересіне алдымен елінің құтты қонысын таныстырған. Жылдың әр мезгілінде елдің қайда, қалай көшетінін, суды қайдан ішетінін, жеті атасын, олардың зираттарын, елдегі даңқты адамдардың ерлік хикаяларын, ауыл – аймақтағы жер–су атауларын ерінбей – жалықпай баласының санасына сіңіріп отырған. Жас ұрпақты адамға тән табиғи сеніммен өмірді, табиғатты сүйе білуге, құрметтеуге үйреткен. Ол үшін жанды – жансыз жаратылысты өз дәрежесінде өз орнымен бағалауға үйрету арқылы тіршілік деген тұтас әлемнің қадір – қасиетін танытқан.

Ұлттық тәлімнің тағы бірі - имандылық, Отансүйгіштік, мақсаткерлік, ақылдылық пен адалдық, борыш пен жауапкершілік, мейірімділік пен ізгілік, шыншылдық пен достық, еңбек пен қуаныш сияқты игілікті тәрбие аға ұрпақтың ең басты қағидасы болған. Бұрын қазақ халқының әрбір отбасы өзінің ұрпағын ақылды, ер жүрек етіп тәрбиелеуді жеке басының жұмысы деп қарамай, ұлтының, Отанының ертеңі, болашағы тұрғысынан өзінің қоғамдық борышы деп қараған. Сондықтан әрбір ата – ана баласын ар – намысты болуға, адамгершілікке, мейірбандыққа, тектілікке, кісілікке, атамекенін сүйуге, Отанын қорғауға дайын тұруға баулыған. Үмітті ұрпақ деп қараған баланы баулып тәрбиелеуге бір ауыл, бір рулы ел ғана емес, тіпті бір тайпалық ел ақсақалдары, атқа мінерлері, көсемдері мен шешендері тегіс көңіл бөлген.

Болашақ мамандарды даярлауда патриоттық тәрбие беруді тек сабақ беру барысында жүзеге асырмай, тәрбиелік мәні бар іс – шараларды да көбірек өткізуде жақсы қорытындысын береді. Осыған орай дәстүрлі түрде соңғы 10 жылда «Түрі басқа – тілегі

бір, Жүзі басқа – жүрегі бір» айдарымен өзге ұлт өкілдері арасында «Қазақ тілі - өз тілім» және «Қыз Жібек отауы» танымдық тұрғыда интеллектуалды сайыстар өткізіліп келеді.

Дәл қазір және бұдан кейінгі еліміздің болашағының көркейуі, өркениетті елдер қатарына қосылуы, бүгінгі ұрпақ бейнесімен өлшенеді. Өркениет біткеннің өзегі-білім, ғылым, тәрбие екендігіне көз жеткізуіміз керек. Халық үшін тәрбие – тұтас дүние. Оның мақсаты – саналы адам тәрбиелеу. Сондықтан тәрбие адамға тән асыл қасиеттер жиынтығынан бөлшектелмей, бала бойына тұтас сіңірілуі тиіс.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Аймауытов Ж.Шығармалары – Алматы «Жазушы» 1992ж
2. Байтұрсынов А.«Ақ жол» Алматы: Жалын, 1991ж.
3. Бес арыс- Әшімханов Д.- А.,1992ж.
4. Қазақтар 9 томдық анықтамалық, 4 -том Алматы, 1998ж. Қазақстан даму институты
5. Қазақ тәлім – тәрбиесі, Оқу құралы. А.,- 1994ж.
6. Н. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы. 2017 жылғы 31 қаңтар

БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫНДА ДАРА ҰСТАЗДЫҢ РӨЛІ

Нуркина Б.Ә.,
Дүйсембаева Г.Т.,
Ибраева М.Д.,
№16 орта мектеп
Қостанай қ.

Аннотация

Ыбырай Алтынсарин қазақтың ағартушылық тарихы мен ұлттық мектебінің қалыптасуында терең із қалдырды. Сонымен қатар ол көрнекті ақын әрі жазушы болды. Оның қаламынан бойындағы тамаша талантын танытқан маңызы зор көркем шығармалар туды. Ол өзінің бар күш-қуатын халықты ағарту, жастарды тәрбиелеу қызметіне жұмсады. Ыбырайдың жазушылық қызметінің сол оқу-өнер, білім мәселесімен сабақтастығы анық. Оның ақындық шабытына дем беріп, жазушылық қиялына қанат бітірген зор нысана – қараңғы қазақ халқының көзін ашу, көңілін ояту, оны озық мәдениетті елдердің қатарына қосу болды. Осы жолда ол бойындағы бар күш-қуатын, қабілеті мен білімін сарқа жұмсады.

Осы тұрғыдан келгенде, Ыбырай шығармаларының көркемдік, тілдік ерекшеліктері туралы бұрынғы-соңды жазылып, жарияланған еңбектерді саралап-салмақтау бүгінгі күннің талабы десек болады

Аннотация

Ыбырай Алтынсарин оставил глубокий след в формировании казахской истории образования и национальной школы. Он также был выдающимся поэтом и писателем. Его перу принадлежат замечательные художественные произведения, проявившие свой талант.. Он потратил всю свою энергию на обучение людей и воспитание молодежи. Очевидно, что письменная работа Ыбырая связана с проблемой образования и искусства. Его поэтическое дыхание, стало дополнительным стимулом огромная цель, в которой много написано – открыть глаза в темном казахского народа, пробудить внимание, его включение в число стран с передовой культурой .Таким образом, он проявил всю свою энергию, способности и знания.

Abstract

Ybyray Altynsarin left a deep mark in the formation of the Kazakh history of education and the national school.He was also an outstanding poet and writer.He was also an outstanding poet and writer. His pen belongs to remarkable artworks that have shown their talent. He spent all his energy on educating people and upbringing youth. Obviously, the written work of Ybyray is connected with the problem of education and art. His poetic breath, became an additional stimulus and a huge goal, in which it is written - to open his eyes to the dark Kazakh people, to awaken attention, his inclusion in the number of countries with advanced culture. Thus, he showed all his energy, abilities and knowledge.

Түйінді сөз: ағартушылық, тарихы, мұрасы, білімі, ғұмыры

МАЗМУНЫ

СОДЕРЖАНИЕ

ПЛЕНАРЛЫҚ БАЯНДАМАЛАР ПЛЕНАРНЫЕ ДОКЛАДЫ

<i>Әбіл Е. А., Университеты и их влияние на развитие регионов.....</i>	3
<i>Бережнова Е. В., Принцип информатизации образования: долгий путь научного обоснования.....</i>	6
<i>Оспанов С., «Рабғұзи қиссалары» және Ы. Алтынсарин.....</i>	10
<i>Онищенко Е.А., Координация управления взаимодействием педагогов опорных школ с целью развития исследовательских навыков учителей.....</i>	13

СЕКЦИЯ 1. «РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ» БАСЫМ ОЙЛАРЫ КОНТЕКСТІНДЕ ЗАМАНАУИ БІЛІМ БЕРУДІҢ ӨЗЕКТІ БАҒЫТТАРЫ

СЕКЦИЯ 1. АКТУАЛЬНЫЕ НАПРАВЛЕНИЯ СОВРЕМЕННОГО ОБРАЗОВАНИЯ В КОНТЕКСТЕ ПРИОРИТЕТНЫХ ИДЕЙ «РУХАНИ ЖАНҒЫРУ»

<i>Абуталипова А. Б., Салмаганбетова А.К., Рухани жаңғыру – рухани даму кепілі.....</i>	16
<i>Адиятова А. Т., Султангиреева Н. С., «Рухани жаңғыру» – жеке тұлғаға рухани-адамгершілік тәрбие берудің негізі.....</i>	19
<i>Акижанова А. Ж., Ниязбаева Б. Б., Рухани жаңғыру және латын әліпбиіне көшу – болашаққа табысты қадам.....</i>	22
<i>Алгожина Т. Ш., Исакова А. К., Рухани жаңғыру – жас ұрпаққа салынған сара жол.....</i>	25
<i>Альмагамбетова З. А., Роль классного руководителя во внедрении современных тенденций образования программы «рухани жаңғыру».....</i>	28
<i>Арсеева С. Б., Исакова Ш. С., Педагогические идеи и.алтынсаринана уроках русского языка и литературы.....</i>	30
<i>Артёмова Е. М., Роль методологии как концептуальной основы модернизации образования в РК в контексте «рухани жаңғыру».....</i>	35
<i>Ахметов Т. А. Изучая наследие Ибрая Алтынсарина.....</i>	40
<i>Балгабаева Г. З., Байжанова С. А., «Рухани жаңғыру» басым идеялары негізінде заманауи білім берудің өзекті бағыттары.....</i>	43
<i>Балжанова А. М., К вопросу о воспитании патриотизма современной казахстанской молодежи.....</i>	46
<i>Бейбитқызы Г., «Рухани жаңғыру» басым ойлары контекстінде заманауи білім берудің бағыттары.....</i>	50
<i>Бекбосынова Н. С., Современные тенденции образования в РК в контексте «Рухани жаңғыру».....</i>	53
<i>Бектурганова Р. Ч., К вопросу об осмыслении обновления содержания образования.....</i>	58

<i>Берденова А. С.</i> , «Воспитательный потенциал социума в формировании активной позиции личности: сохранение духовно-нравственных ценностей, интереса и уважения к истории, культуре и традициям родного края».....	61
<i>Борамбаева А. Б., Изделева Г. А., Нурканова А. Т.</i> , «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасын қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында жүзеге асыру жолдары.....	64
<i>Виниченко О. В., Шатских А. А., Синнер Т. А.</i> , Воспитание толерантности у младших школьников, как одно из приоритетных направлений в рамках программы «Рухани жаңғыру»	67
<i>Даумова Б. Б.</i> , К вопросу о формировании этнотолерантных качеств молодежи в контексте « рухани жаңғыру»	70
<i>Должикова И. И.</i> , The theoretical aspects of integration natural-mathematical cycle and english.....	75
<i>Досмухамедова Р. К.</i> , Реализация общенациональной идеи «Рухани жаңғыру» на уроках географии и краеведения.....	78
<i>Жанабаева А. Т.</i> , Творчество – высшая форма активности педагога и учащихся.....	82
<i>Жургумбаева А. А.</i> , Рухани жаңғыру – жаңартылған білім беру мазмұны білімнің жаңа сапасының кепілі	85
<i>Журкубаева Г. Т.</i> , Краеведение, как фактор развития исследовательской деятельности.....	88
<i>Игисенова У. С., Михеева М. В., Соболева Н. В.</i> , Актуальные направления современного образования в контексте приоритетных идей «Рухани жаңғыру».....	91
<i>Исетова Б. К.</i> , «Военно – патриотическое воспитание и реализация идейной платформы «Рухани жаңғыру» на уроках математики» (на примере историко-краеведческого материала г.Костаная).....	95
<i>Ишмухамбетова Б. М.</i> , Применение многоязычия в современной образовательной системе.....	99
<i>Кабылдина А. Т., Шакиржанова Ж. М., Копбаева А. Г.</i> , «Рухани жаңғыру» басым ойлары контекстінде заманауи білім берудің өзекті бағыттары.....	102
<i>Кажохметова Д. Б., Тусова А. Ж., Курмангалиева А. А.</i> , Оқушылардың оқу белсенділігін арттырудағы топтық жұмыстың тиімділігі.....	106
<i>Калимарданова Г. Д., Серикова Л. С., Бегманова К. Д.</i> , Тұлғаның өмірлік тәлімі-жаңа ұрпақты рухани және патриоттық тәрбиелеудің негізі.....	110
<i>Караичев Д. И.</i> , Формирование финансовой грамотности старших школьников через программу дополнительного образования бизнес-клуб.	113
<i>Кенжегалиева С. К.</i> , Мектеп мұражайы: білім мен тәрбие берудің бір бағыты.....	117
<i>Кожубаева А. Ж.</i> , История развития и своеобразие прикладного искусства казахского народа на примере ковроткачества.....	122
<i>Курманова А. А., Бекбаева С. Т., Утенова З. Т.</i> , Рухани жаңғыру бағдарламасы аясында қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында жаңа білім беру жүйесі.....	126
<i>Көшегалина А. М.</i> , Ыбырай Алтынсариннің ағарту – педагогикалық мұраларын қазіргі кездегі білім саласында қолдану.....	128
<i>Қайырбек А. К.</i> , Тьютор - как элемент педагогической деятельности.....	132
<i>Леванова Т. А.</i> , Тьюторское сопровождение профессионального самоопределения обучающихся в условиях общеобразовательной школы.....	134
<i>Мельникова Т. В., Мехова А. И., Булатова Р. Г.</i> , Современные тенденции развития начального общего образования в рамках программы «Рухани жаңғыру».....	138
<i>Миничкина С. Б.</i> , Творческое и духовное развитие учащихся в студии эстрадного вокала «солнышко».....	142
<i>Мухамбетжанова З. С., Колдасбаева Е. Д.</i> , Білімнің салтанат құруы рухани жаңғыру болашаққа бастар жол.....	144

<i>Мухамедкалиева Б. М., Карибаева Г. Т., Байсаматова Ж. М., Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында «рухани жаңғыру» бағыттарын іске асыру жолдары.....</i>	149
<i>Мырзағалиева К. М., Абдрашева А. Қ., Ы.Алтынсарин мен Я. П. Яковлев.....</i>	152
<i>Нұрмұхаметова Қ.Т. Ұлттық құндылықтың негізі – рухани жаңғыру кепілі.....</i>	156
<i>Нуркина Б.Ә., Дүйсембаева Г.Т., Ибраева М.Д., Білім беру саласында дара ұстаздың рөлі.....</i>	160
<i>Нурмуратова К. А., Функциональная грамотность как основа развития гармонической личности в современных условиях.....</i>	163
<i>Орынбаева Ж. Т., Орынбаева Г. Т., Жусупова Л. А., «Рухани жаңғыру» бағдарламасының идеяларын әдебиеттік оқу және дүниетану пәндерін кіріктіру арқылы жүзеге асыру.....</i>	168
<i>Оспанұлы С., Мырзағалиева К. М., Ыбырай шындыққа жүгінген.....</i>	171
<i>Оташева С. Қ., Ақпараттық технологияларды білім беру үрдісінде қолдану заман талабы.....</i>	176
<i>Отынбаев Д., Мұғалімнің мәртебесі туралы.....</i>	179
<i>Пестрецова О. Г., Формирование основ функциональной грамотности через интеграцию элементарных экономических знаний в содержание предметов начальных классов в рамках реализации программы «рухани жаңғыру».....</i>	182
<i>Петрушка А. Ю., Смаглий Т. И., Временная компетентность и ее роль в профессиональной деятельности педагога.....</i>	187
<i>Ташенова Р. Т., Хамзина Г. З., Современная система образования через призму приоритетных идей «Рухани жаңғыру».....</i>	191
<i>Рихтер О. А., Роль учителя истории Казахстана в процессе модернизации сознания и формирования гражданских компетенций будущих специалистов.....</i>	194
<i>Салимжанова Э. Ж., Ильясова А. Т., Нургожина А. С., Өскелең ұрпақтың бойында рухани құндылықтарды қалыптастырудың негізгі шарты – педагог шеберлігі.....</i>	199
<i>Сейітқазы П. Б., Серикбаева Н. Б., Рахимғалиева П. С., Жоғары оқу орны студенттерін кәсіби іс-әрекетке даярлаудың педагогикалық шарттары.....</i>	202
<i>Смаглий Т. И., Силенко Е. А., Когнитивный стиль и проблема изучения иностранных языков.....</i>	207
<i>Смашова С. Ж., Қазақ тілін екінші тіл ретінде (орыс тілді сыныптары үшін) оқытудағы сөйлеу әрекетінің бірі – айтылым дағдысының ролі.....</i>	211
<i>Сүлейменова Ж. Т., Ақпараттық мәдениет түсінігінің мәні мен мазмұны.....</i>	214
<i>Танатканова С. С., Бутагарина А. И., Қонысбаева Р. С., Ыбырай Алтынсариннің балаларға арналған шығармаларының тәрбиелік мәні.....</i>	217
<i>Түлебаева К. Т., Дене тәрбиесіндегі жаңа технология мен озат тәжірибені ұлттық және жалпыадамзаттық құндылық қағидаларымен сабақтастыру.....</i>	221
<i>Торғаева Г. А., Маркина З. Б., Кельдибаева Б. А., Ыбырай Алтынсарин өлеңдерінің ұлы ақындар шығармаларымен үндесуі Рухани жаңғыру бағдарламасының бүгінгі таңдағы өзектілігін арттыра түседі.....</i>	225
<i>Халыкова Г. А., Каппасова Ш. Е., Рухани жаңғыру бағдарламасының білім саласына енгізген өзгерістері.....</i>	228
<i>Хамзина К. Б., Ерекин А. М., Тағылымды тәрбие мен терең білімдегі жаңа мүмкіндіктер.....</i>	233
<i>Хамзина К. Б., Жаппар А. С., Рухани жаңғыру – білім саласындағы маңызды бетбұрыс.....</i>	237
<i>Шарипова Д. С., Краеведение как фактор патриотического воспитания учащихся.....</i>	240
<i>Шалгимбекова А.Б., Ермаганбетова А.Ж., Сәбитбек Ж.К., Адамзат ұрпағымен мың жасайды.....</i>	243
<i>Шалгимбекова А.Б., Салыкова Ә. Д., Жаңартылған білім мазмұны – жанашылдыққа бастама.....</i>	248